



Maghjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 17 (868) 1 мамыр 2025 жыл

www.facebook.com/Maghjan zhuldizi https://vk.com/Maghjan zhuldizi e-mail: maghjan.zhuldizi@yandex.kz

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫ

ЫРЕГЕЙ БІРЛІКТІҢ БАЯНДЫ ЖОЛЫ



Ынтымаққа бастаған айрықша белес

Турақтылық пен бейбітшіліктің жаршысына айналған ұйымның тарихи еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ел тәуелсіздігінің елең-алаң шағында бірлік пен қоғамдық келісімді сақтау, стратегиялық бағдарға сай әрекет ету ұлт болашағын ойлаған азаматтар алдында тұрған аса маңызды міндет еді. Міне, осынау тұста тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 1995 жылы Ассамблея құрылды. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды.

Бұл басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдiктiң, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдесіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты, – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Алғашында консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған ұйымға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Осылайша, Ассамблея жалпыұлттық бірліктің негізгі моделіне айналды. Тіпті кейінгі жылдары атқарылған ауқымды әрегістер арқылы бірегей институттың қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Мәселен, Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Мемлекет басшысы өзі тағайындайды.



Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясы өтті. «Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы: қорытындылар және болашақ міндеттер» деген атаумен өткен кеңейтілген отырыс ел ынтымағы мен қоғамдық келісімнің алтын арқауына айналған осы ұйымның 30 жылдық мерейтойына арналды. Басқосуға Парламент депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің, республикалық этномәдени бірлестіктердің басшылары мен мүшелері, ҚХА қоғамдық құрылымдарының өкілдері қатысты. Жиндана ұйымның этносаралық бірлік пен келісімді нығайтуға қосқан үлесі, «Әралуандықтағы бірлік», «Біз әртүрліміз – бірақ теңбіз» қағидаттарын сақтау мен ілгерілетудің маңызы ерекше аталып өтті.

Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды.

Оған қоса Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар: министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Мемлекет басшысы Ассамблеяның бұл жұмысын ерекше атап өтті.

– Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам

арасында сындарлы әрі жемісті сұхбат, яғни диалог орнатуға ықпал етіп жатыр. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр. Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді, – деді Қ.Тоқаев.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Бүгінде барлық өңірдегі Достық үйлері жүйелі жұмыс істеп жатыр. Онда мыңнан аса этномәдени бірлестік бар. Бұған қоса

облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылды.

Жалпы, Ассамблея құрылымында 4 мыңнан аса қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізіп жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА ардагерлерінің, «Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдардың жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып отырғанын жоғары бағалады.

– Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін, – дей келе Мемлекет басшысы этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуда маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномәдени институтына тоқталды. – Кейінгі уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан аса сарапшыны біріктіріп отыр. ҚХА мүшелері күн сайын кезге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақмерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыңнан аса іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Қайырымдылық – ұлт бірлігінің көрінісі

Ассамблея 30 жылдықтың мерейлі белесінде тек бірлік пен ынтымақтың емес, жанашырлық пен мейірімнің де символына айналды. Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ұйымның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан аса ерікті ортақ іске жұмылып, гуманитарлық көмек жинап, қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл ел бірлігін нығайту ісін стратегиялық маңызы айрықша екенін айтты.

Жалғасы 2-бетте.

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Құрметті мағжандықтар!



Баршаңызды мемлекеттік мереке – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл тамаша мереке егемен еліміздің аумағында тұратын этностар арасындағы мызғымас бірлікті, құрмет пен өзара түсіністікті білдіреді.

Халқымыз: «Ырыс алды – ынтымақ, Бақыт бастауы – келісім» деген қанатты сөздерді бекер айтпаған. Халықтың бірлігі, бейбітшілігі мен келісімі бүгінгі қоғамымыздың негізгі қағидаттарына, барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің іргетасына айналды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзінде: «Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз»

деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымна немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды, – деген болатын. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы.

Біз бекем бірлігіміздің арқасында елімізді гүлденген, болашағы жарқын мемлекетке айналдыра білдік. Экономикасы дамыған, әділ және табысты Қазақстан құру ісіне атсалысу – баршамыздың міндетіміз.

Осынау шауқаты мереке күні баршаныңа денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен амандық тілеймін!

Фаяз НҰРМУХАМБЕТОВ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



Қазақстан халқының бірлігі күні – бірлікті, бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін бірегей мерекелердің бірі. Бейбітшілік, достық, келісім – бұл қысқа сөздер көп нәрсені қамтиды. Бұл Отанның жылуы, сенім мен ұйымшылдық атмосферасы, өз елінің алдындағы борыш сезімі, өз Отанына деген мақтаныш. Бірлік пен ынтымақтастықтың, бейбітшілік пен тұрақтылықтың бейнесіне айналу – Қазақстанның әрбір азаматының басты міндеті.

Биыл біз бірлік күнін Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай атап өтеміз. Бұл ұйым этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімді нығайтуда, сондай-ақ біздің жерімізде тұратын барлық халықтар арасында бірлікті дамытуға жәрдемдесуде шешуші рөл атқарды. Ұлттық бірлікті нығайту жаңа Қазақстанды табысты құрудың

кепілі болып қала береді. Қазақстан – бұл біртұтас ел. Бір халық, бір болашақ. Мағжан Жұмбаев ауданында 20-дан астам этнос өкілдері тұрады, 14 діни және 10 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Біздің бірлігіміз бізді шабыттандырады және алға ұмтылуға күш береді, қиындықтарды бірге жеңіп, жетістіктерге қуанады.

Құрметті жерлестер! Сіздерді халқымыздың достығы мен бірлігінің келе жатқан мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сізге және сіздердің отбасыларыңызға зор денсаулық, табыс және көптеміз көңіл-күй тілеймін! Туған-туыстарымызға амандық, ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасына өркендеу! Мағжан Жұмбаев ауданының жері нығайып, өркендесін! Біздің күшіміз – бірлікте! Рахат СМАҒҰЛОВ, аудан әкімі.

БІРЕГЕЙ БІРЛІКТІҢ БАЯНДЫ ЖОЛЫ



Жалғасы, басы 1-бетте.

— Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына біздің көзіміз ойнап отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар», — деді ол.

Ұйым бйлығы «Жұмысшы мамандықтары жылын» еткізуге де, жалпы қоғамда көсібілік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсенді атсалысып жүр. Мәселен, былтыр Еңбек күнінде Сенат пен Мәжіліс депутаты Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Президент бұл бастаманы Еңбек күнін атап етудің жаңа дәстүрі ретінде осы жылы да жалғастырауға болатынын тілге тиек етті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея Төрағасының былтырғы орынбасарларына ризашылығын, бйлығы орынбасарлары болып тағайындалған Дмитрий Останкович пен Расул Ахметовке сенім білдірді. Одан кейін жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық бөлісінді азаматына алғысын жеткізді.

— Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемдемек. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этнос Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр. Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокоп, Владимир Розметов, Юрий Пив, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьева, Вадим Басин, Александр Хмельев, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар — бүгінгі заманның адал азаматтары. Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяның жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді өлеуметтік баспалдақ деуге болады. Этно-мәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық бөлісінді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің жаңа кезеңі

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық орындар құрылды. Алайда Ассамблея қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басқа платформаға айналды. Демек Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес. Президент ұйым барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыұлттық орган ретінде жұмыс істеуі керектігін баса айтып.

— Басты міндет — Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2022 жылы Ассамблеяның дамуы тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа құжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни 2026—2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау қажет. Тұжырымдаманың жобасында қоғамды ұйыстыру, үйлесімді дамуға жол ашатын жаңа өдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуі тиіс. Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның тиімділігін арттырауға қатысты ұсыныс енгізуі қажет. Жалпы, ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керек, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Ассамблеяның бірлікке бастаған белесін баяндаған соң, бірқатар маңызды міндетке қысқаша тоқталды. Президент өуелі ұйымның аймақтардағы жұмысын жандандыруды, түрлі этнос өкілдері тығыз қоныстанған Алматы облысындағы Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Достық үйлерін ашуды тапсырды.

— Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беріміз керек. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдік оқытушылар да баратын туристік бағыттар қарастыра отырып, Құзырлы орган басшылары мен өкімдер Ассамблеяның этномедиация саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татулық» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен өкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек. Ақпараттық кеңістікте бірлік пен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл — Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек куттірмейтін міндет. Салауат министрлік, өңір өкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этносаралық тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн, — деді Қ.Тоқаев.

Бұған қоса Мемлекет басшысы «Бірігіміз — әралуандықты» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің өлеуетін толық пайдалану керек екенін айтып. Сөз арасында еліміздің мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұрған Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлерін көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру туралы ойын ортаға салды.

Бүгінде елімізде 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ ерекше төрт этнос театры, яғни ұйғыр, қорей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзіманы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Президент осы театрлардың басын қосып, Алматыда Қазақстан этностары фестивалін өткізуді ұсынды.

— Кейінгі жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгерді. Экономика жүйелі реформалар қолға алынды. Ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгеріп бастады. Біз заманауи және алдыңғы қатарлы қоғамға айналдық. Мұның бәрі бізге бірегей қоғамдық келісім үлгісіне де тын таппап қояды. Көше ғана тиімді саналған өдіс-тәсілдер бүгін жарамсыз болуы мүмкін. Бізге өсіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып, зерделеу қажет. Ең аулы, Ассамблея қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қараған жөн. Менің түсінігімде Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуы керек, — дей келе Президент аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды әрі нөзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа мазмұнмен толықтыратынына сенім білдірді.

Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту — мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Елімізде келісім, төзімділік, достық ұғымдарды құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық саналады. Сондықтан Мемлекет басшысы этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдырауға болмайтыны, бұл мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы екенін ескертті.

Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымдарына немесе өлеуметтік мәртебесіне қарамай, бөріне бірдей әділ өрі тең жағдай жасайды. Бұл — ел саясатының басты ұстанымы. Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деді.

— Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік — Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге өліктеп, жан-жағмызға жалқтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық өдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болуы керек. Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «брендіміз», беткеуістар жетістігімізге айналды, — деді Қ.Тоқаев.

Арандатуға қатаң тосқауыл қойылады
Мемлекет басшысының тағы бір көтерген мәселесі — мемлекеттік тіл мәртебесі.

Қасым-Жомарт Кемелұлы тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын өрбір ерекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланатынын баса айтып.

— Былтыр мен Ұлттық құрылтай отырысында бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім мемлекетіміздің негізгі құндылықтары деп атап көрсеттім. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Сондықтан осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: халқымыздың татулығын бұзып, ел ішінде ірікті салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алады. Ал ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болады, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сын мен мін тағудың ара-жігін ажыратпастан, сөз еркіндігін желеу етіп, кейбір азаматтардың арандатумен айналысып жүргеніне де жоққа шығармады.

— Күрші пен күрметті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жіркеністі қорлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатууды жолын кесіп келеміз, бұдан өрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігін жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі өрістен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпаққа болмайды. Бұл — Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті мемлекеттік органдарды босалайтын бұрыңғы азаматтарымыздың ерекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде өшіккіні басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн, — деді Мемлекет басшысы.

Жақында шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың ерекеттері өшкерегеніне тоқталған Қасым-Жомарт Тоқаев олардың ісінен арам ниеті, ашкөздігі мен Қазақстанға жаны ашмайтыны анық көрінгенін атап етті. Сондай-ақ кейбір танымал грант алушы отандастарымыздың көлеңкелі ерекеттері де өшкере болған.

— Елімізде проблема жоқ демеіміз. Әрине, басқа елдердегідей бізде де түйткілдер бар. Бірақ біз оны өлдекімдердің үйретуімен немесе өдістемен емес, өзміздің ұлттық мүддесі мен заңнама аясында шешеміз. Сонындай қисынды ерекеттерімізді халқымыздың басым көпшілігі мен ниеті адал халықаралық серіктестеріміз дұрыс түсінетініне сенімдімін. Идеологиялық өшпенділік—біздің ниетімізге қарсы емес. Дестүріміз бен құндылықтарымыз, болмысымыз бен өмір салтымыз ұлтымызды біртұтас тарихи-мәдени және саяси қауым ретінде біріктіріп, тұтастығын бекемдейді, — деп атап етті Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Өз сөзінде Президент көк паспорттың ұлттық бірегейлігіміздің айқын нышанына айналғанын және жыл өткен сайын төлқұжаттарымыздың абырой-беделі көтеріліп келе жатқанын айрықша атап етті. Бұл халықаралық қауымдастықтың бізге деген қызығушылығы артып, еліміздің ықпалы күшейе түскенін көрсететінін жеткізді.

— Әр құрылтайғы түрлі мемлекеттің азаматтары тұрақты түрде немесе демалу үшін біздің елді жиі тандайтын болды. Бұл — көздейсіқтық емес. Қазақстан беделді халықаралық рейтингтердегі қауіпсіздік индексі бойынша айналымыздағы көптеген мемлекеттің бөрінің дерлік алдында тұр. Ал заң үстемдігі индексындағы «Төріт пен қауіпсіздік» көрсеткіші бойынша, 142 елдің ішінде 43-орынға табан тіреді. Мұның бәрі — Қазақстанда жайлы өрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналдыруға бағытталған күш-жігеріміздің нәтижесі. Қастерлі Отанымызды көркейтуді — баршаға ортақ парыз, — деген Мемлекет басшысы өзінің бастамасымен былтырдан бөрі ел көлемінде «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

«Таза Қазақстан» — шынайы отаншылдық рөмізі

Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан аса адам қатысып, 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналған. 3,3 миллион көшет отырғызылыпты.

— «Таза Қазақстан», бұл — біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің келілі. Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз өр азаматтың, әсіресе жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіріміз керек. Таза ы тазалық, бұл — киелі сөздер. Ары таза адам ешқашан өліп сапайды. Біз «Қазақстан — ортақ үйіміз» деп үнемі айтамыз. Сондықтан еліміз таза, тартымды, мәдениетті болуы керек. Ассамблея бұл идеяны жан-жақты дәріптеп келеді. Бұл — өте тиімді өрі пайдалы

жұмыс. Тазалық өр үйден басталуы керек. Қанда ғана «Таза Қазақстан» боламыз. Кішкентай кезінен тазалыққа үйренген бала кейін жауапкершілігі жоғары, саналы азамат болып өседі. Елге жанашыр болады, — деген Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін, барлық этномәдени бірлестіктерді «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына белсене қатысуға шақырды. Бұл үрдістің жыл науқан ғана емес, бұл — өскелең ұрпаққа озық білім мен төлім-төрібе беру екенін баса айтып.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы еліміздегі барша азаматқа қатысы бар идеологиялық маңызды іскер қаланып, ауылдың, көшенің және ауланың тұрғындарын жұмылдыру керектігін атап етті. «Таза Қазақстан» акциясын шынайы отаншылдықтың көрінісі екенін айтып, бөріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүріміз келетінін жеткізді.

Сессияда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда тағдырдың жазуымен шетте тұып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны екенін де нықтап айтып.

— Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін бөрік ұстанып келеді. Ел бірлігі — өң алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі — қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Біз бұл туралы үнемі айтамыз. Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол бұйыннан тараған миллиондаған адам — қазір Қазақстанның толықанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел ілігіне қызмет етіп жүр, — дей келе Президент қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылғанын атап етті.

Сол сияқты біздің елден де көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралған. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшкен.

— Бірақ олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша өн айтып, қазақтың салт-дестүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз — бөрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту — тұрақты және үйлесімді қоғамның негізі, еліміздің жарқын болашағының келілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің өр шаңырағы, өр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кеңінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі бұл — Наурыз мейрамы. Бйыл жаңа тұжырымдамалар сай Біз Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің өр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнығуда, — деді Мемлекет басшысы.

«Бірігіміз — әралуандықта» қағидаты

Қасым-Жомарт Кемелұлы бірер күн бұрын достық пен бірлік рухында Пасха мерекесін атап өткенімізге тоқталды. Шұақты мереке қарсаңында митрополит Александр Қазақстандағы қызметіне 15 жыл толуына орай жоғары мемлекеттік награда — I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

— Биыл православ және католик қауымдарының Пасха мейрамы қатар келді. Мұның символдық мәні зор. Бұл — сирек кайталанатын құбылыс. Оралық хрстиі пайдалана отырып, еліміздегі барша христиандарды осынау мерекемен тағы да құттықтаймын. Шетелдік оқытушы Қазақстанда түрлі салт-дестүрдің бір-бірімен үйлесім тапқанына таңғалады. Бұл — олар үшін мультикультурализм және мультиэтникалық тұжырымдамалар тоқырауға ұшырап, тіпті, жоққа шығарылып, батыс өлемі жаһандандудан бас тартып, оқшаулануға қадам басып жатқан кезеңде қайран қаларлық құбылыс. Біздің іс жүзіндегі тәжірибемізден мәдениетті жатысынбайтын бірегей болмысымызды аңғаруға болады. Діліміз бен тұрмыс салтымыздың бір бөлігіне айналған нағыз халықтық мейрамдарға баса назар аударуымыз қажет. «Наурыз», «Мәслихеті», «Сабанто» және басқа да халықтық мерекелер — асііші, аяқ босататын, көңіл көтеретін ғана емес, ұлтымыздың рухы мен тарихын көрсететін іс-шаралар. Қазақстандағы көптеген этностың дәстүрі, тілі, өдет-ғұрыпы осы жиындарда тоғысады, — деген Президент бұл «Бірігіміз — әралуандықта» деген қағидаттың нақты көрінісі екенін атап етті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазақ қандаша көршісін қадірлі білгеніне ерекше тоқталды. Халқымыз қуанышта да, қиындықта да көршісіне сүйеніп, қандаша қасынан табылғанын айтып.

— «Көрші ақысы — төңір жақысы» деген ұғым дінімізде және дәстүрімізде бар.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXIV СЕССИЯСЫ

БІРЕГЕЙ БІРЛІКТІҢ БАЯНДЫ ЖОЛЫ



Бұл – бізге атадан қалған өсиет, анадан берілген қасиет. Халқымыздың тату көршілік дәстүрі өлі де жалғасып келеді. Қоныста адамдар ұлтына, дініне, тіліне қарамастан, араласып, құраласып жатады. Қазақстан көрші мемлекеттермен достықты нығайта түсуге айрықша мән береді. Ресей – Қазақстанның бұрыннан келе жатқан негізгі стратегиялық серіктесі өрі сенімді одақтасы. Қытай елімен ықпалдастық тамыра да тереңде жатыр. Қытай халқы қазақ халқына ешқашан зиян келтірген жоқ, болашақта да зиян келтірмейді. Алатауды тең жайлаған қырғыздар – бір туған бауырларымыз. Ежелден еңшілес өзбек ағайынды өз ағам деп қадір тұтамыз. Түбіміз бір деп түрікмендерді туыс санап, шын жүректен құрметтейміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар қарт Каспийдің жағасындағы өзербайжан еліне деген ықыласымыз да ерекше екенін жеткізді. – Бір сөзбен айтсақ, көрші елдермен қарым-қатынасымыз бауырластық рухында дамып келеді. Біздің арамдыздық тұрғыдан мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей құрлықтағы ең ұзын шекараны өуел бастан дау-дайысыз шегенде алды. Жақында Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстан ұзақ жыл бойы шешімін таппаған шекара мәселесі бойынша ортақ мөлімеге келіп, тарихи келісімге қол қойды деп айтуға болады. Біз бауырлас елдер үшін қуанамыз, оларды әрдайым қолдаймыз. Қазіргідей ауамалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық – тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып атқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Біз сындарлы сәтте жұрт болып жұмыла білеміз. Бұған бейбіт Ақтау маңында ұшақ апаты болғанда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Азаматтарымыз зардап шеккен адамдардан көмегін аяған жоқ. Кезекке тұрып, қан тапсырды. Өзербайжан Елшілігіне барып, гүл шоқтарын қойды. Бүкіл өлем халқымыздың ұйымшылдығы мен жанашырлығына төнті болды. Халқымыздың жүрегі – көң, пейілі – ақ, ниеті – таза, – деген Мемлекет басшысы мейірімділік, қамқорлық және тілеулістік біздің ұлттық ерекшелігіміз екенін атап өтті. Біз осы құндылықтарымызды сақтап, ескелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек екенін жеткізді.

Жеңіс ұмытылмауға тиіс
Президент сондай-ақ алда келе жатқан әлемдік маңызды бар тарихи оқиға – Жеңістің 80 жылдық мерейтойын да кең көлемде атап өтетінімізді айтып өтті.

– Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті. Ұлы Жеңістің тағылымы барша халыққа, әсіресе, саясаткерлерге ксенофобияға, нәсілдік және ұлттық үстемдікке, халықаралық құқық қағида-тарын құрметтемеуге құрылған жауапкершіліктен жұлдай саясат жүргізудің салдары қандай қасіретке әкелетінін өлі күнге дейін көрсетіп отыр. Бірер күн бұрын менің тапсырмаммен Республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден аса көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қанармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Ең алдымен, жаңа және атауы қайталанатын көшелерге басымдық берілді. Бұл басты – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз сөзінде Жеңісті ұмытпау дегеніміз, ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызға адал және антақ берік болғанын ұмытпау екенін атап өтті. Біз сол сұрапыл соғыс кезінде төндесіс батырлықпен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтайтынымызды жеткізді.

– Мен Жеңістің 80 жылдығына дайындық туралы осыдан бір жарым жыл бұрын алдын ала айттым. Соған сәйкес біз «Ұлы Жеңіс: ерлікке – тағзым, ұрпаққа – үлгі» жоспарын арнайы қабылдап, жүзеге асыра бастадық. Осы ауқымды жұмыстың аясында 2 мыңнан аса мәдени, ғылыми зерттеу, ағарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Ең бастысы, өрине, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын

құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз. Ұлы Жеңістің мерейлі датасын атап өтуге арналған іс-шаралар легі ауқымды әскери шеруге ұласады. Түптеп келгенде, бұл әскери шерудің мән-маңызы зор болмақ. Себебі мұны бір жағынан майдангерлер мен тыңгерлерге тағзым десек, екінші жағынан қазіргі күрделі геосаяси ахуалда ұлттық рухымыздың мықтылығын көрсететін символ деуге болады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент, екіншіс қарай, дүние жүзі сенім дағдарысымен бетпе-бет келген шақта экстремистік идеологияның оралуы, популизм мен талас-тартыстың өршуі, халықаралық құқықтың құнсыздануы, негізгі халықаралық институттардың әлсіреуі байқалатынын айтты. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң тұрады, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келе жатқанына тоқталды.

– Қазіргі жағдайда БҰҰ баламасы жоқ галамдық ұйым болып қала береді. Сондықтан біз БҰҰ-ны қолдаймыз. Еліміз түрлі мемлекеттер мен аймақтардың арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, өркендетіп диалогті дамытуға дөңкер болу үшін көп күш жұмсап келеді. 20 жылдан аса уақыттан бері барлық негізгі конфессиялардың өкілдері өр үш жыл сайын Қазақстанда бас қосады. Биыл күзде Әлемдік және дестүрлі діндер көшбасшыларының кезекті VIII съезін өткізу жоспарлан отыр. Былтыр Астанада Съездің Ізгілік елшілері сайланды. Олар адамгершілік идеяларын ілгерілетіп, өлемде диалог пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті өңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтың дипломатияның да мол әлеуетін пайдалану керек. Өртүрлі ел мен мәдениет өкілдерінің арасындағы достық байланыс қақтығыстар мен соғыстардың алдын алады. Бұл – ең тиімді тәсіл, – дей келе Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясы өлемдегі диалог пен мәдени ералуандықты нығайтуға қызмет ететініне тоқталды.

Берекесіздікке бой алдырмау керек

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде өлем жалпы ортақ өрлеуге бағытталған жасампаз күн тәртібі мен үлкен жобалардың тапшылығын қатты сезініп отырғанына назар аударды. Ал еліміз барлық серіктесімен көпжоспарлы өрі нәтижелі жұмысқа ден қояды.

– Берекесіздікке бой алдырмау үшін өлемдік қауымдастық мүдделер тоғысатын тұсты іздеуге, күрделі шешімдер қабылдауға және амалсыз мәмілелер жасауға мәжбүр болады. Диалог көк жерде қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді ауқымды халықаралық ықпалдастық арқылы ғана және аламыз деп сенеміз. Өзара біте қайнасқан өлемде галамдық мәселелерді шешуді бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, өлділікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің туынын тарқатады. Қазір бүкіл өлемнің болашағы бұлыңғар болып тұр. Осы алмағайым заманда стратегиялық бағдарымызға сай өрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы әлеуетімізді арттырамыз. Біз қазіргі ахуалды өскере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты өрі тиімді жұмыс істеуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кезекті бір мәселе ретінде қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популистер мен саясаткерсимақтар бар екеніне де тоқталды. Ел мүддесіне қастық ойлаған ондай адамдар тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керектігін жеткізді.

– Алда күрделі кезең келе жатыр. Оңай болмайды. Бірақ алаңдауға еш негіз жоқ. Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та артта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бағын өңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмытылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде өрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйеп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұранып, байбаламға салынып, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеулістік болуы керек. Әр істе темірдей төртіп болуы қажет. Сонда өліміз де орасан зор табысқа жетеді. Баршаныңа мөлім, Заң мен төртіп – менің стратегиялық бағдарымың арқауы. Мен өр сөйлеген сөзімде осы қағидағарға арнайы тоқталамын, – деген Президент Таза Қазақстан, Заң мен төртіп, Адал азамат идеяларының өзегі де осы екенін нықтап айтты.



Кейбір мемлекеттер үшін этностық ералуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен тәуезушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ Мемлекет басшысы өз сөзінде мұны біздің жалпыұлттық қазынамыз өрі стратегиялық артықшылығымыз деп бағалады. – Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғамсаққағидағары. Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келеу ұрпаққа аманаттай аламыз. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз. Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты өңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға, – деп айрықша атап өтті Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұл мерейтой өр азаматтық бақ-берекесін арттыру жолында ұлтпымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналатынына сенетінін жеткізіп, халқымыздың береке-бірлігін нығайтуға үлес қосқан азаматтарымызға әрдайым құрмет көрсететінімізді айтты.

– Отыз жылда жеткен жетістіктеріміз осындай абзал жандардың еселі еңбегіне жемісі екені сөзсіз. Жұртымыз үшін өң үлкен марапат – өлдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігімізді баянды болуы да өкіталай. Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Мен баршаныңа шын жүректен алғыс айтамын. Алдағы уақытта да өл игілігін арттыруға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін. Ассамблеяның мерейтойы құтты болсын! Бірлігіміз бекем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан жасай берсін, – деген Президент мерейлі жиында бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдағанын жеткізіп, халқымыздың бірлігін ыдырауына, өліміздің берік іргесінің сөгілмеуіне барынша үлес қосып жүрген отандастарымызды марапаттады.

Татулық нүктесінде тоғысқан тілектер

Сессияда ҚХА-ның бірқатар мүшесі сөз сөйлеп, өліміздің бірлігі мен берекесін арттыру жолында мемлекет атқарып жатқан жұмыстарға, қолға алған батыл бастамаларға кенінен тоқталып, мерейтойлық тілектерін жеткізді.

Алғаш болып Қазақстанның «Вайнах» шешен және ингуштар қауымдастығының тең төрағасы Ахмед Мурадос сөз бастады. Ол өз сөзінде ҚХА мерейтойы бүкіл халқымыздың ортақ мейрамы екенін атап өтті. Сондай-ақ Ассамблея ардагерлері мен республикадағы мыңнан аса этномәдени бірлестіктер атынан ел алдында сөз сөйлеу үлкен мәртебе екенін атап өтті.

– Бірінші және отыз төртінші сессия аралығындағы кезең – жай ғана отыз жыл емес, бұл өліміздің тарихындағы тұтас бір дәуір. Осы уақыт аралығында Ассамблея бірлік, тұрақтылық пен дамудың берік негізіне айналды. Отыз жылдық жолды жүріп өткен біз, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, нық сеніммен айта аламыз – өліміздегі барлық этнос ердайым бірлік пен келісімнің жақтаушылары, реформалар мен жаңғырулардың белсенді қолдаушылары болды, – деді Ахмед Сейдахманұлы.

Сондай-ақ сөз сөйлеген ҚХА Республикалық Аналар кеңесінің төрағасы Назипа

Шанаи Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі қатарында 1 700-ден аса құрылым, 16 мыңнан аса белсенді ана бар екенін атап өтті. Олардың өң үлкені 80 жаста болса, өң жасы 25-те өкөн.

– Аналар кеңесі – Ассамблеяның ерекше құрылымдық бірлігі. Ал өліміздегі өр ананың міндеті – өліне адал азамат тәрбиелеу. Бұл бағыттағы жұмысты тек білім мекемелерінің мойнына іліп қоюға болмайды. «Мектеп – ата-ана – оқушы» үштігінің бірлігі ғана өң нәтиже береді. Осы бағытты нығайту мақсатында Аналар кеңесінің біріктіруші рөлі орасан, – деген Н.Шанаи мемлекетімізде жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесін ұрпағымыздың адами болмысынан, өрелі іс-өрекетінен көретін күн алыс емес екеніне тоқталды.

«Келет» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, Венгр мәдени орталығы төрағасының орынбасары Александр Папп өңбек адамының қоғамдағы лайықты бағасын алуға бағытталған Президенттің Жұмысшы мамандықтары жылы идеясын шын ниетпен және іс жүзінде қолдайтынын жеткізді. Ол өз сөзінде заманауи білікті және тәрбиелі жұмысшы – жастар үшін лайықты өлеуметтік бағдар болатынын атап өтті.

Сенат депутаты, ҚХА Журналистер клубының төрағасы Әлішер Сатаввалдиев өз сөзінде Мемлекет басшысы тағайындаған сенатор ретінде сөз сөйлеу – өзі үшін үлкен бақыт өрі зор жауапкершілік екенін жеткізді. Сондай-ақ ұлттық тұтастық тақырыбын қозғағанда Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін ерекше атап өтуіміз қажеттігіне тоқталды.

– 30 жылдық тәжірибе өлімізде жалпыхалықтық бірлікті нығайтуға бағытталған тиімді заңнамалық, басқарушылық және институционалды тетіктердің толық орныққан көрсетті. Ата Заңымыз – ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің мызғамсақ негізі. Ол этносаралық қатынастардағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін нақты өрі толыққанды нормаларды қамтиды, – деді Ә.Сатаввалдиев.

Республикалық неміс драма театрының бас режиссері, ҚХА мүшесі Наталья Дубс көпұлтты этностық театрлардың бүкіл ұжымының және Ассамблеяның бүкіл мәдени қауымы атынан барша жұртымызды мерекемен құттықтады. Ол Ассамблеяның билығы мерейлі датасымен өзі отыз жыл өңбек өткен неміс драма театрының 45 жылдық мерейтойын қатар атап өтудің терең рәміздік мәні бар екенін айтты.

– Біздің театрлар неміс, корей, өзбек және ұйғыр театрлары – бірегей құбылыс. Олар «алуан түрліліктегі бірлік» қағидатын жүзеге асыра отырып, өр этностың мәдени жанына айналды, – деді Н.Дубс.

«Ядролық физика институты» РМҚ Астана қалалық филиалының директоры, Қазақстан Ғылым академиясының және ҚХА мүшесі Максим Здоровец Ассамблея тек рәміс емес, сонымен қатар өрбір азаматтың тұрақтылығы мен даму мүмкіндігін қамтамасыз ететін нақты тетік екенін атап өтіп, ол өзі өлімізде өлемдік ғылыми қоғамдастықтың бір бөлшегі болуға үлкен мүмкіндік алғанын жасырмады.

Сондай-ақ ҚХА журналистер клубы төрағасының орынбасары, «Ассамблея» қоғамдық ұйымының президенті мүшесі Алла Гаврина был Ассамблея жанындағы жастар қозғалысына 10 жыл толығғанына тоқталды. Осы уақыт аралығында түрлі этнос жастары бір шаңырақ астына бірігіп, өліміздің белсенді қозғаушы күшіне айналғанын атап өтті. Сонымен қатар жылдар бойы Ассамблея түрлі үлгі өкілдерін жастары үшін өлеуметтік лифт, өлдің тыныс-тіршілігіне өтене араласудың бірегей платформасы болғанын жасырмады.

«Egemen Qazaqstan».

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

МАҒЖАНДЫҚТАР ТӘУЛІК БОЙЫ ТЕПЛИЧНЫЙ АУЫЛЫНДАҒЫ БӨГЕТТЕРДІ НЫҒАЙТУДА

Балшық, ауыр қаптар оған қоса жауын мен бұршақ. Соңғы күндері солтүстіктің ауа райы жығылғанға жұдырық болып тұр. Бір жағынан Есіл өзені тасып, Қызылжар ауданы Тепличное селосына қауіп төнсе, екінші жағынан қолайсыз ауа райы бөгеттерді нығайтуға кедергі келтіріп жатыр. Жерлестерін тілсіз жаудан қорғауға Мағжан Жұмабаев ауданының азаматтары да атсалысуда.

Тепличное ауылына тасқын су 24-ші сәуір күні келді. Ал екінші күні бірден Мағжан Жұмабаев ауданынан көмек келіп жетті. Мемлекеттік қызметкерлер, медицина және білім беру саласының қызметкерлері мен түрлі сала мамандары бірлесіп, бөгетті нығайтуға кірісіп кетті.

Қызылжар ауданына көмек көрсетуге келген әр азаматқа тәулігіне сегіз, тіпті он сағат жұмыс істеуге тура келді. Күндіз-түн демей, тыным ташпай құм толтырылған қаптарды тасып жүр. Бес күн ішінде ауданның 400-ден астам тұрғыны келіп қолдау көрсеткен екен.

Ал, жерлестеріне қол ұшын созып, көмек көрсете алмаған мағжандықтар, азық-түлік жіберіп жорлемдесуде. Одан 300-ден астам жұмысшыға арнап палау және өзге де ыстық тамақ таратылды.

«Ауданның кәсіпкерлерінен жерлестерімізге, бөгеттерді нығайтып жүрген жандарға көмек көрсетуге ұсыныс түсті. Палау, бауырсақ пісіріп бердік. Ыстық шай тараттық», - дейді Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының басшысы Абай Қазисов.

Бөгетті нығайту жұмыстары бір сәтке де тоқтаған емес. Қазіргі кезде Есіл өзенінің суы төмендей бастады. Бір тәулік ішінде бір см азайған екен. Бірақ әлі де су басу қаупі сөйілмегендіктен бөгеттерді нығайту жұмыстары жалғасуда.

Гүлнар ҚАЛИЕВА.



7 МАМЫР - ОТАНҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ҚЫЗМЕТІ ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

Мемлекеттік шекара - бұл жай ғана қатардағы сызық емес, ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тұтастығын қарастырып, бұзылмайтын сауыт. Қазақстан Республикасы Қытаймен қарым-қатынастық қызметінің, Шекара қызметінің, Солтүстік Қазақстан облысы бейбітшілік департаментіне қарасты «Мағжан» шекара бөлімі - Мағжан Жұмабаев ауданы Бұлаев елді мекенінде орналасқан.



2001 жылы құрылған бөлімнің негізін қалаушы подполковник Авдеев Андрей Николаевич. Ең алғашқы шекара наряды сол жылдың тамыз айынан бастап шекараны күзетуге кіріскен. Сол жылдан бастап бөлімде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің арқасында шекара бөлімінің дәрежесі өсіп, өте жақсы нәтижелер көрсетіп келеді. Қазіргі уақытта шекара бөлімінің білікті мамандарымен Мемлекеттік шекара мен шекара режимін бұзушыларды болдырмау, контрабандалық, есірткі тасымалдауын алдын-алу бойынша үлкен жұмыстар атқарылады.

2022, 2023, 2024 жылдардың жалпы қорытындысы бойынша департаментке қарасты бөлімдерінің арасында «Үздік бөлім» атанған. Қазіргі уақытта «Мағжан» шекара бөлімі майор Абай Дабылбековтың басшылығында. «Мағжан» шекара бөліміне қарасты бес шекара бөлімшелері бар. Оның ішінде алғаш рет «Аралағаш» шекара бөлімшесі 2024 жылдың жалпы қорытындысы бойынша Департамент шекара бөлімшелері арасында «Үздік шекара бөлімшесі», «Үздік басқарушы» номинациясына ие болды, бөлімшені 2023 жылдан бастап капитан Мұқаш Сағындық басқарып келеді, ал шекара бөлімшесінің старшинасы аға сержант Ренат Акишев жүлдесіз қалған жоқ, ол «Үздік старшина» номинациясын алды. «Мағжан» шекара бөліміне қарасты шекара бөлімшелері бөліммен тығыз қарым-қатынас орнату арқылы, қыстың қатал суығы мен жаздың аптаған ыстығына қарамастан бөлім мен бөлімшелердің дәрежесін түсірмеу, шекараны бұзудың, шекара арқылы заңсыз контрабандалық

есірткі тасымалдарының алдын алу үшін талмай еңбек етіп қызмет атқаруда.

Шекара бөлімінде және шекара бөлімшелерінде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің ерқайсысы өз істерінің мамандары, тәжірибелері мол Отанға деген махаббат пен ерлік оты ерқашан жалындап тұрады.

Спорт денсаулық көпілі демекші әскери қызметшілер тек өз істерімен шектеліп қана қоймай, спорт, білім жағынан болсын әртүрлі іс-шараларға қатысып, өздерін жан-жақты дамытуда. Жылына бірнеше рет шекара бөлімінің ұйымдастыруымен шекара бөлімшелерінің әскери қызметшілері арасында спорттық жарыстар өткізіледі.

Күндіз-түні, жылдың төрт мезгілінде де әрбір әскери қызметшінің жүрегінде патриоттық сезімдері өшпейді.

«Мағжан» шекара бөлімі және оған қарасты бөлімшелер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының тыныштығын қамтамасыз ететін жүрегінде ерлік пен абыройды биік ұстанатын әскери қызметшілер мекені!

Темірдей әскери тәртіп пен жылдамдықты, шыдамдылық пен отансүйгіштікті, алғырлық пен жауапкершілікті бір арнаға тоғыстырған мамандық иелері барша мағжандықтарды алда келе жатқан 7 мамыр - Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр - Жеңістің 80-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды!

Еліміз аман, шекарамыз тыныш болсын!

Ерболат УСНАТДИНОВ.
«Аралағаш» шекара заставасының радио-телефонисті, ефрейтор.



Аудандық Әдеби-шығармашылық байқау

«ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ӨШЕЙТІН ЕРЛІК»

Жылдың басында Мағжан Жұмабаев ауданының ардагерлер кеңесі және «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Мағжан Жұмабаев аудандық филиалы мен «Подлесок» әдеби-шығармашылық клубы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Ғасырлар бойы өшпейтін ерлік» әдеби-шығармашылық байқауын жариялаған болатын. Осыған орай, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалының кеңесінде байқаудың қорытындылары шығарылып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

Байқау төрт номинация бойынша өткізіліп, олардың әрқайсысының жеке талаптары айқындалған болатын.

«Отбасы тарихы – ел тарихы» номинациясында Бинаш ауылының соғыс жылдарындағы тұрмыс-тіршілігі жайлы жазған Нұрлан Еламановтың мақаласы жеңімпаз атанды.

«Еске алу вахтасы» аталымында Сартомар орта мектебі ҰОС батырларының өшпес ерлігін еске алуға арналған мақаласы үздік атанды.

«Батырлар даңқы өшпейді» номинациясында ерлік тақырыбында «Өшпес даңқ» атты өлең шығарған Медвөжка орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Сәуле Мұқанова жеңімпаз деп танылды.

Ұлы Отан соғысында шайқасқан жауынгер жерлерімізге арналған «Ер есімі - ел есінде» аталымында өз атасы туралы сыр шерткен Мағжан Жұмабаев музейі филиалының директоры Айгүл Жүніспаева жеңімпаз атанды. Сулышоқ ауылының ардагерлері туралы мақала жазған Мәриям Қазенова 2-ші орынды иеленді, ал Құралай ауылының тұрғыны Сабыр Сәрсімов атасы жайлы қалам



тербеткен еңбегі 3-ші орынға лайық деп танылды.

Орыс тілінде Сабира Зағыпарова жеңімпаз атанды, 2-ші орынды Александр Таубе иеленсе, Валентина Попова, Ва-

лентина Самохина мен Татьяна Дмитриева 3-ші орынға жайғасты.

Осылайша, барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен марапатталып, байқауда үздік атанған материалдар

9 мамыр – Жеңіс күніне арналған аудандық «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінде жарияланатын болады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Ардагерлер ұйымынан

Зейнеткерлер арасында шахмат пен дойбыдан жарыс өтті

25 сәуір күні «Аманат» партиясы аудандық филиалының ғимаратында «Рух Тіл Жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен аға буын өкілдері арасында шахмат пен дойбыдан аудандық турнир өтті.

Аталмыш спорттық іс-шара Мағжан Жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанында жұмыс істейтін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» бастамашы болып, оның мақсаты аға буын өкілдерін қолдау, олардың бос уақытын ұйымдастыру, салауатты өмір салтын ұстану болып табылады.

Турнирді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бүгінгі шахмат пен дойбыдан жарыс ұйымдастырылып, біздің зейнеткерлердің бос уақытын тиімді өткізуге арналып отыр. Ардагерлер кеңесінің мүшелері әрқашан да белсенді. Ауданның қоғамдық-саяси өміріне өтене араласып, өлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып келеді. Сондай-ақ қала зейнеткерлерінен құралған топ Батыр Баян атындағы спорт кешеніне барып, жаттығуларға қатысып отырады. Бұл аға буын өкілдерінің салауатты өмір салтын берік ұстанады



деген сөз. Ендеше, бүгінгі жарысқа қатысып отырған зейнеткерлердің барлығына сәттілік тілеймін, - деді Оралбай Шәріпұлы.

Өз кезегінде Мағжан Жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және өлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Бақытжан Ысқақова

бұл спорттық іс-шара «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» өлеуметтік маңызды жоба аясында өтіп, мемлекеттік өлеуметтік тапсырыс бойынша іске асырылып жатқанын айтты.

Содан кейін екі ойын бойынша жеребе тартылып, әділ-қазылар

алқасы тағайындалды.

Шахмат бойынша өткен турнирдің қорытындысы бойынша Серік Ысқақов жеңімпаз атанды, ал Қарақоғадан келген Күрлеуіт Құдайбергенов 2-ші орынды иеленсе, Булаев қаласының тұрғыны Қайыргазы Жүсіпов 3-ші

орынды жеңіп алды.

Дойбы бойынша жарыста Медвөжка ауылының зейнеткері Иван Лелюх үздік атанды. Аққайың ауылдық округінің атынан қатысқан Наталья Штыкова 2-ші орынды ұтып алса, Булаев қаласының тұрғыны Хатира Омарова 3-ші орынға жайғасты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталса, қалған қатысушылар қатысқаны үшін дипломға және естелік сыйлықтарға ие болды.

Бұл күні барлық қатысушылар үшін ыстық шай мен көмпиттерден, бауырсақ пен түрлі тәттілерден тұратын дастарқан жайылып, зейнеткерлердің бос уақытын қызықты өтуіне барлық жағдай жасалды.

Сөз соңында турнирді ұйымдастыруға атсалысқан аудандық ардагерлер ұйымына, оның басшысы Оралбай Сағындықовқа, шахмат жарысына төрелік еткен Рустам Низамовқа және дойбы жарысына қазылық еткен Иван Лелюхқа алғыс айтып, шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Әнуар ТОҚПАНОВ,
«Рух Тіл Жаңғыру»
қоғамдық бірлестігінің
төрағасы.

Республикалық слеттің аудандық кезеңі

ЖАРЫС ЖОЛЫНДА - ЖАС ЖОЛ ИНСПЕКТОРЛАРЫ

28 сәуір күні Мағжан Жұмабаев ауданында жас жол инспекторларының (ЖЖИ) республикалық слетінің аудандық кезеңі өтті. Іс-шараны аудандық білім бөлімі мен полиция бөлімі бірлесіп ұйымдастырды. Полиция қызметкерлері жарыстың барлық кезеңдерінің ашық өтуін қамтамасыз етіп, қазылар алқасының құрамында болды.

Шараның мақсаты – оқушылардың жол қозғалысы ережелерін сақтауын насихаттап, құқықтық сауатын арттыру.

Слетке ауданның алты мектебінің ең үздік командалары қатысты, атап өтсек, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы, Булаев мектеп-бөбекжай-балабақша кешені, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп, Надежда ОМ, Қарақоға ОМ, Совет ОМ.

Қатысушылар жол жүру ережелерін білу деңгейін, жоғары дайындықтарын, ұйымшылдық пен нағыз командалық рухты паш етті. Жарыс қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп жеңімпаз атанды, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының командасы 2-ші орынды иеленді, ал Қарақоға орта мектебінің жас жол инспекторлары

3-ші орыннан көрінді.

Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің оқушылары енді республикалық слеттің облыстық кезеңінде аудан намысын қорғайтын болады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар, медальдар және дипломдар табысталды, бұл олардың еңбегі мен жетістіктерінің лайықты бағасы болды.

Барлық қатысушыларға белсенділік, мақсаткерлік және жол қозғалысы қауіпсіздігіне жауапты кезқарас танытқандары үшін ризашылығымызды білдіреміз! Сондай-ақ, аудандық полиция бөлімінің қызметкерлеріне кәсіби қолдау мен әділ төрелік жасағаны үшін ерекше алғыс айтамыз.

Асылбек САПАРБАЕВ,
аудандық білім бөлімінің
өдіскері.



МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ МАҒЖАН, ЛЕБЯЖЬЕ, ПОЛУДИН, ТАМАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН 2025 ЖЫЛҒЫ 8 МАУСЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына 1 тармақтың 1) тармақшасына сәйкес Мағжан Жұмбаев аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мағжан Жұмбаев ауданында 2025 жылғы 8 маусымға Мағжан, Лебязье, Полудин, Таман ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы тағайындалсын;

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2025 жылғы 8 маусымға тағайындалған

Мағжан Жұмбаев ауданының Мағжан, Лебязье, Полудин, Таман ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы қаулы Мағжан Жұмбаев аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында және аудандық «Вести», «Мағжан жұлдызы» газеттерінде жариялансын.

Ю. ПОРТНЯГИН,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ, ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ, СОНДАЙ-АҚ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

№ р/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесінің орналасқан жері	Сайлау учаскесі шекарасының сипаттамасы	Учаскелік сайлау комиссиясының құрамы (алфавиттік тәртіпте)
Мағжан Жұмбаев ауданы				
	№ 222	Лебязье а., Коммунистическая көшесі, 8, Бос уақытты ұйымдастыру орталығының ғимараты	Лебязье а.	Төраға – Иваненко Лариса Петровна; төраға орынбасары – Грязнова Мария Петровна; комиссия хатшысы – Иманбаева Райхан Елдосқызы; комиссия мүшелері - Исекова Нұрсұлу Мәкенқызы, Яблонская Жанна Евгеньевна.
	№ 223	Құралай а., Орталық к., 29, орталу мектеп ғимараты	Құралай а.	Төраға – Исеков Қанат Мәкенұлы; төраға орынбасары – Айтоқжин Серік Кеңесұлы; комиссия хатшысы – Қаюпова Жұлдыз Сәбитқызы; комиссия мүшелері - Боқбасарова Бибігүл Қапезқызы, Сарсімов Мейрам Усейінұлы.
3.	№ 224	Жастар а., Мир к., 3, бастауыш мектеп ғимараты	Жастар а.	Төраға – Қасенова Жанар Сәбитқызы; төраға орынбасары – Оспанов Сәбит Төлегенұлы; комиссия хатшысы – Ысмаилова Нұрсұлу Елубайқызы; комиссия мүшелері - Ермішева Әсел Хабдоллақызы, Сыздықова Ботагөз Мұратқызы.
4.	№ 225	Сарытомар а., Клубная к., 2, мәдениет үйі ғимараты	Сарытомар а.	Төраға – Нұрмолдина Анар Серкентқызы; төраға орынбасары – Нұрахметов Айтмұхамбет Жасуланұлы; комиссия хатшысы – Шайдуллина Гүлнәр Көкенқызы; комиссия мүшелері - Ажданова Гүлнәр Бәриқызы, Әбілмәжінова Сәуле Нұрашқызы.
5.	№ 236	Полудин а., Ленин к., 59, мәдениет үйі ғимараты	Полудин а.	Төраға – Икметова Таиба Қажтайқызы; төраға орынбасары – Ильяшенко Сергей Николаевич; комиссия хатшысы – Вобликова Евгения Юрьевна; комиссия мүшелері - Бугреева Ирина Александровна, Немуха Оксана Васильевна.
6.	№ 238	Ганькино а., 6 к., 6, орталу мектеп ғимараты	Ганькино а., Ганькино ст.	Төраға – Қазиева Гүлнәр Жәдігерқызы; төраға орынбасары – Богданова Ирина Павловна; комиссия хатшысы – Долгушева Гүлжан Айдопқызы; комиссия мүшелері - Завалко Оксана Геннадьевна, Яковлева Анна Михайловна.
7.	№ 242	Майбалық а., Степная к., 10А, негізгі мектеп ғимараты	Майбалық а.	Төраға – Гаманко Олеся Анатольевна; төраға орынбасары – Төлеева Қаншайым Әбдіхамитқызы; комиссия хатшысы – Степанова Радмила Валерьевна; комиссия мүшелері - Жетпісова Сана Тоқтарбайқызы, Пантюх Людмила Николаевна.
8.	№ 243	Таманское а., Школьная к., 21, мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің ғимараты	Таманское а.	Төраға – Жалнина Наталья Николаевна; төраға орынбасары – Киричкова Валентина Николаевна; комиссия хатшысы – Жағыпарова Балшекер Есімсейтқызы; комиссия мүшелері - Драмарецкий Дмитрий Павлович, Коваленко Галина Нифодиевна.
9.	№ 244	Пулеметовка а., Центральная к., 28, бастауыш мектеп ғимараты	Пулеметовка а.	Төраға – Гуляева Ольга Михайловна; төраға орынбасары – Баймұхамбетова Жанна Амангелдіқызы; комиссия хатшысы – Илиясова Галина Сәбитқызы; комиссия мүшелері – Гуляева Татьяна Владимировна, Первинова Татьяна Владимировна.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛҒАН САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 22 бабына сәйкес Мағжан Жұмбаев ауданының сайлау комиссиясы 2025 жылғы 8 маусымға тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Мағжан, Лебязье, Полудин, Таман ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы бойынша құрылған сайлау округтері және оның шекаралары туралы хабарлайды.

№ р/н	Округтің атауы	Сайлау округі	Сайлау округінің шекаралары
1	Мағжан ауылдық округі	Мағжан сайлау округі	Жастар ауылы, Сарытомар ауылы
2	Лебязье ауылдық округі	Лебязье сайлау округі	Лебязье ауылы, Құралай ауылы
3	Полудин ауылдық округі	Полудин сайлау округі	Полудино ауылы, Ганькино ауылы, Ганькино станциясы
4	Таман ауылдық округі	Таман сайлау округі	Таманское ауылы, Майбалық ауылы, Пулеметовка ауылы

Ю. ПОРТНЯГИН,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ ҚАУЛЫ АУДАНЫ ҚАУЛЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес Мағжан Жұмбаев аудандық сайлау комиссиясы аудандық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері туралы хабарлайды:

№ р/н	Аудандық сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефондары, факстары	Аудандық сайлау комиссиясының құрамы
1	150800, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің коммуналдық меншігіндегі әкімшілік ғимараты	Коды 8-715-31; тел./факс: 2-12-33.	Төрағасы - Портнягин Юрий Анатольевич; Төраға орынбасары - Шайкенов Данияр Балғабайұлы; Хатшысы – Низамова Анастасия Ивановна; Комиссия мүшелері - Ахметова Ұлмекен Шаймуранқызы, Бекішева Сандуғаш Оразалықызы, Махметова Кристина Владимировна, Ыбыраева Әлия Жақсылықызы

Ю. ПОРТНЯГИН,
аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ ҚАУЛЫ АУДАНЫ ҚАУЛЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 30 сәуірде аудандық сайлау комиссиясының отырысы өтті, онда келесі мәселелер қаралды:

1. 2025 жылғы 8 маусымға Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Мағжан Лебязье, Полудин, Таман ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы;

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Мағжан, Лебязье, Полудин, Таман ауылдық округтері әкімдерінің сайлауына дайындық және өткізу бойынша күнтізбелік негізгі іс-шаралар жоспары туралы (Жарияланған мекенжай: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-mzh/documents/details/835429?lang=kk>).

Басқа да сұрақтар қаралды. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің өкімі болып сайлану үшін Сайлау туралы Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2 бабында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамада көзделген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің өкіміне кандидат бола алмайды:

- заңда белгіленген тәртіппен алынбаған немесе алынбаған сотталығы бар адам;
- сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәсі заңда белгіленген тәртіппен сотпен танылған адам.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР заңына сәйкес аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің өкімі Қазақстан Республикасының жиырма бес жасқа толған азаматтары арасынан жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы тиісті өкімшілік аумақтық бірліктің халқымен төрт жылдық мерзімге қызметке сайланады.

Сондай-ақ өкімдікке кандидатқа мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген талаптар:
- азаматты мемлекеттік қызметке қабылдауға болмайтын талап;
- үміткердің осы лауазымға (Е-Р-1 санат) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы талап.

Әкімдерге кандидаттар келесі тәсілдермен ұсынылуы мүмкін
- өз мүшелерінің арасынан белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар. Бұл ретте саяси партия бір сайлау округі бойынша бір ғана кандидатты ұсынуға құқылы;
- өзін-өзі ұсыну жолымен тиісті сайлау округі бойынша дауыс беруге құқығы бар сайлаушылардың жалпы санының кемінде 1% қолдауымен.

Егер ұсыну мерзімі аяқталған күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімдеріне өкіден аз кандидат ұсынылса, онда округтік сайлау комиссиясы кандидаттар ұсыну мерзімін үш күннен кем емес мерзімге ұзартады.

Бұл ретте аудан өкімі ұсынылған кандидаттар болмаған немесе ұсыну мерзімі аяқталған күні бір кандидатты ұсынған жағдайда, тиісінше екі немесе бір кандидатты ұсынуға құқылы.

Бір үміткер бір ғана сайлау округіне кандидат ретінде ұсынылады.

Аудандық сайлау комиссиясы.



Дүйсенбі, 5 мамыр	Сейсенбі, 6 мамыр	Сәрсенбі, 7 мамыр	Бейсенбі, 8 мамыр	Жұма, 9 мамыр	Сенбі, 10 мамыр	Жексенбі, 11 мамыр
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00. 01.30 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 АПТА. 15.00 ҚОС ПАЛАТА. 15.20 ЕҢБЕК АДАМЫ. 15.50, 03.55 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.05 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ УЯ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.55 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆШОЛПАН. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 АҚРДА. 14.25, 03.55 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 14.50, 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ УЯ». 15.50, 04.15 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.55 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 17.00, 20.00, 01.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАՆШОЛПАН. 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 11.00, 22.00 ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ҚР ҚАРУЛЫ КУШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ПАРАДЫ. 12.10 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 13.40, 02.10 «ЕР - ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫ». 14.10 «ӘЛИЯ. ЕРЛІК АЛГОРИТМІ» Д/Ф. 14.50 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 15.50, 03.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.15 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 КОНЦЕРТ. 23.00 «ҚАЗБАТ» Х/Ф. 01.00 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 02.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00 ТАՆШОЛПАН. 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 14.15 КОНЦЕРТ. 14.55 БИРЕГЕЙ. 15.50, 03.25 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.35 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ УЯ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ФУТБОЛ. 06.30 «МЕРГЕНДЕР» Х/Ф. 08.15 «САФАДАТ САЛҒАН САРА ЖОЛ» Д/Ф. 08.50 «ӨН МЕН ӨНШІ». 10.00Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 М/Ф «РАТАТУЙ». 13.40 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ» Х/Ф. 16.10, 02.10 Д/Ф. 16.40, 02.45 «ТАУСЫЛМАС ТАҒЫМ». 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.35 АҚПАРАТ. 20.30 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ЖАБАЙЫ АЛМА». 00.20 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 03.45 «ТӨРТ ҚАЙСАР» Д/Ф. 04.15 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».	06.00 ӘНУРАН. 06.35, 02.45 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.25 «МӨНШҮК. ӘКЕГЕ АРАША ТҮСКЕН ҚЫЗ» Д/Ф. 08.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 М/Ф «БАТЫЛ ЖҮРЕК». 13.25 М/Ф «РАТАТУЙ». 15.05, 02.00 ЕҢ ДӘМДІ. 15.55, 17.20 А. ҚОСАНОВАНЫҢ КОНЦЕРТІ. 17.00, 01.40 АҚПАРАТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «ЖАБАЙЫ АЛМА». 00.20 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 03.45 «БИРЕГЕЙ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25 ЗАМАҢДАСТАР. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.00, 02.35 АҚСАУЫТ. 09.20, 03.55 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 МЕН БЕЙБИТТІҢ КОНЦЕРТІ. 14.00 М/Ф «БАТЫЛ ЖҮРЕК». 15.25 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 16.10 «ЕН ДӘМДІ». 17.00 «ӨЗІЛ ӘЛЕМІ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.30 АПТА. 20.50, 02.20 АҚРДА. 21.00, 02.55 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 22.15 Т/Х «ЖАБАЙЫ АЛМА». 00.15 «ЗАМАҢДАСТАР». 04.25 «КУМИС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 5 мамыр	Сейсенбі, 6 мамыр	Сәрсенбі, 7 мамыр	Бейсенбі, 8 мамыр	Жұма, 9 мамыр	Сенбі, 10 мамыр	Жексенбі, 11 мамыр
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 «Ә» МОЛДАҒУЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ», Д/Ф. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 Т/Х «МӨНШҮК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 00.30 Т/Х «ЖЕЛЕЗНЫЙ ЛЕС». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 22.30 КЕШІРЕС. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 Д/Ф. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30 Т/Х «МӨНШҮК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 00.30 Т/Х «ЖЕЛЕЗНЫЙ ЛЕС». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 22.30 КЕШІРЕС. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 М/Ф «КУЛТЕГИН». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 10.30 ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДЫ. 12.30 КОНЦЕРТ. 14.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 15.30 «ЛЕТО 1941 ГОДА» Х/Ф. 17.30 Д/Ф. 18.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.15 НОВОСТИ. 18.30 «ФРОНТОВОЕ БРАТСТВО» Д/Ф. 19.00 КОНЦЕРТ. 20.30 «ОТЕЦ» Х/Ф. 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.15 Д/Ф. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30 «ЛЕТО 1941 ГОДА» Х/Ф. 15.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/С «ИГРА С ТЕНЬЮ». 17.30 Д/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 20.00 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ», Х/Ф. 22.30 КЕШІРЕС. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРЫ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН! 09.00 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ» Х/Ф. 11.15 Д/Ф. 12.00 «КОМПОЗИТОР» Х/Ф. 14.30, 19.00 КОНЦЕРТ. 17.30 Д/Ф. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 «ҚАРА ҚЫЗ» Х/Ф. 22.30 ОЙНАҚ. 23.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ ҚАЗУНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30, 17.30 Д/Ф. 10.00 М/Ф. 11.45 «ГРЕНЛАНДИЯ» Х/Ф. 14.00 «XXI ҒАСЫР КОШБАСПЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.00 «ҚАРА ҚЫЗ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 ӘСЕМ ӨНДЕР. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 «КОМПОЗИТОР» Х/Ф. 23.00 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ» Х/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ ҚАЗУНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «КРУТЫЕ ЛЯЦА-2». 12.00 «ПОМШЕН» Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.30 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 ӘСЕМ ӨНДЕР. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ГРЕНЛАНДИЯ» Х/Ф. 23.00 «БАЗАР ЖОҚ, МЕКСИКА» Х/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ.

Дүйсенбі, 5 мамыр	Сейсенбі, 6 мамыр	Сәрсенбі, 7 мамыр	Бейсенбі, 8 мамыр	Жұма, 9 мамыр	Сенбі, 10 мамыр	Жексенбі, 11 мамыр
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.10 Т/С «ГЕННИ ПУСТОГО МЕСТА». 12.30 «ПОБЕДА», Д/Ф. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЛИГАТОР». 22.45 Т/С «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. СТАЛИНГРАД» Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША СИТУ.	06.00, 02.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 «ВОРОШИЛОВСКИЙ СТРЕЛОК» Х/Ф. 12.30 «ПОБЕДА», Д/Ф. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЛИГАТОР». 22.45 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. СТАЛИНГРАД» Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША СИТУ.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.00, 03.25 ТАМАША СИТУ. 07.50, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.45 К 80-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ В ВОВ. «ДОСКА ПОЧЕТНЫХ». Ю. ПОМЕРАНЦЕВ. 09.45 К 80-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ В ВОВ. «НАША ВОЙНА». 10.40 ПАРАД. ПОСВЯЩЕННЫЙ 80-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ. 12.00 «РЖЕВ» Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 01.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЛИГАТОР». 22.45 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. СТАЛИНГРАД» Х/Ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 «ПЯТЬ НЕВЕСТЬ» Х/Ф. 11.50 «КРИК ТИШИНЫ» Д/Ф. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «АЛЛИГАТОР». 22.45 «ПО ЗАКОНАМ ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ. СТАЛИНГРАД» Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.45 ТАМАША СИТУ.	06.00, 02.05 П@УТИНА. 07.05, 03.05 ТАМАША СИТУ. 08.05, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 09.00 «В БОЙ ИДУТ ОДНИ СТАРИКИ» Х/Ф. 11.00 «ПОМИЛОВАНИЕ» Х/Ф. 13.00 «ПОБЕДА» Х/Ф. 14.30 «КАСЫМ» Х/Ф. 18.25 «СВЕЛОЙ ПАМЯТИ ПАВШИХ В БОРЬБЕ ПРОТИВ ФАШИЗМА». МИНУТА МОЛЧАНИЯ. 18.30, 01.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ВОЗДУХ» Х/Ф. 23.35 «НОЧЬ В ДЛИННОЮ ЖИЗНЬ» Х/Ф.	06.00 ТАМАША СИТУ. 06.50, 03.40 «П@УТИНА». 07.40 УЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ. 08.00 Т/С «КАСЫМ». 12.05 «ПОДЪОЛЬСКИЕ КУРСАНТЫ» Х/Ф. 15.00 «ВОЗДУХ» Х/Ф. 18.00 «ПЕРВЫЙ ОСКАР» Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 20.55 «ТРИ КОРОЛЕВЫ» Х/Ф. 01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 ТАМАША СИТУ. 07.55, 02.55 «П@УТИНА». 08.50 УЛЫ ДАЛАНЫҢ МҰРАСЫ. 09.10 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.20 «ПОКА ВСЕ ДОМА» Х/Ф. 13.35 Т/С «СТАРОЕ РУЖЬЕ». 17.40 ТРИ АККОРДА. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ТРИ КОРОЛЕВЫ». 00.45 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Қазақтар киеге үлкен мән береді. Кейбір жануарлар мен құстарды турмысқа қажетті, киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрметтеу, ырым-жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі деп түсінеді. Ал осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу – жоқшылыққа душар етеді деп санайды. Сондай құдіретті күші бар жан-жануарлардың қиесі бар, ал олардың өзін киелі бейді.

Шоқан УӘЛИХАНОВ.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

АҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ӘМІРЖАН ДАНИАЛ -
РЕСПУБЛИҚАЛЫҚ ТУРНИРДІҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ



23-24 сәуір күндері Ақмола облысы Зеренді ауданы Зеренді ауылында Кеңес Одағының Батыры, академик Мәлік Ғабдуллинді еске алуға арналған қазақ күресінен республикалық турнир өтті. Бұл дедаға Мағжан Жұмабаев ауданының БЖСМ тәрбиеленушілері қатысып, соның ішінде Әміржан Даниал ерекше ерлік пен батылдығын танытты.

Мәселен, Даниал 42 кг салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, 5 белдесу өткізді. Өкінішке орай, Көкшетау қаласының балуанына есе жіберіп, қалған 4 кездесуде Астана қаласының, Ақмола облысының, Атырау қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының спортшыларын жеңіп, жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Бұл – үлкен еңбек пен қажырдың нәтижесі. Ең бастысы, Даниал осы жетістігі арқылы спорт шеберлігіне үміткер атағын иеленді.

Жас балуанға келешекте де жарқын жеңістер мен биік белестер тілейміз!

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.



Булаев қаласында тұратын асыл жарым, ардақты әкеміз, мейірбанды ағамыз **УАҚЫТ ҚАЙРОШҰЛЫ БАЙМОЛДИНДІ** 63 жасқа толуымен және құрметті зейнет демалысына шығуымен құттықтаймыз! Зейнетке шығып отырған ардақтымыз бүгінде ұл-қызынан тараған ұрпақтарының арасында бауатты ғұмыр кешіп жатыр. Туған күн иесін осынау ақар белестен көрініп отырған жасымен құттықтап, оған мамыражай зейнетті ғұмыр сүрер зор денсаулық, шаңырағынан көпес отбасы бақытын, бейнеті жоқ, ырыздығы көп тұрмыс молшылығын тілейміз. Адал еңбек, маңдай тер ғой теккенің, Ұрағыңмен тамыр жайып көктедің. Мақтан етер әулет тойы болар бұл, Айтулы белес зейнет жасқа жеткенің. Көгер қызық-қуаныштың алда тұр, Ғасыр жасқа бастар үлкен жол жатыр. Деніңіз сау боп, ортамызда жүріңіз, Қорған болар, пана болар, нар батыр.

Жүрекжарды тілекпен: зайыбы, балалары, немерелері мен жиендері.

Оқырман назарына!

ЖАҢА КІТАПТАР – ОҚЫРМАН ИТІЛІГІНЕ

Әр кітап - жаңа өлем, жаңа ой, жаңа мүмкіндік. Кітаптар бізге білімнің тереңіне үңіліп, қиялымызды шыршауға мүмкіндік береді. Ендеше Мағжан Жұмабаев ауданының кітапханаларына келіп түскен кітаптармен таныстырып өтейік.

Белгілі жазушы-журналист Қайым-Мұнар Табеевтің «Ең соңғы майдан» атты кітабында әр кеуделі қазақтың Желтоқсандағы ұлы күрескерлік рухы суреттелумен қатар, Жаңаөзен, Қордай, Алматыдағы Қаңтар оқиғаларының арасындағы ортақ байланыстар да қамтылады.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығының қарсаңында Халық қаһарманы, Қазақстан Республикасының Бірінші Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының батыры, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған фотоальбомы келіп түсті. Басылым беттерінде 1942 жылдан бастап Қызыл армия қатарында взвод, рота, батальон командирі – офицер пулетшіден бастап қызмет етіп, Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған, Берлин шайқасына қатысып, императорлық рейхсканцелярияға шабуыл жасау кезінде батальонды басқарған атақты әскери қолбасшының өмірі мен қызметі көрсетілген.

«Жеңіс Туын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаев» фотоальбомында Қаһарман халық перзенті Рақымжан Қошқарбаевтың жастық шағы мен майдандағы қан екішен күндері, бейбіт замандағы өмірі кең тарихи панорамада қамтылған. Сонымен қатар Нұртаза Асылпов пен Аскар Макиповтің «Великая Отечественная Война в исторической памяти казахстанского народа» военно-исторический сборник, Бекет Момынкүлдың «Момышұлы өлемі» атты кітабы келді. Қазақтың біртуар батыры, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған заты заңғар тұлға

Бауыржан Момышұлы туралы айтылар ақиқат, жазылар шындық өлде аз емес. Бұл кітапта ел арасында батыр жайлы айтылып жүрген аңыздардың ақиқатын, тарих беттерінде жұмбақ күйінде қатталып қалған жайттардың нақты жауабын таба аласыздар. Жиінек ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдарынан кейінгі батырдың өмірін, Абайша айтқанда «Мыңмен жалғыз алысқан» алдаспандай бейнесін көз алдыңызға алып келеді. Бұрын-соңды



кездеспеген тың деректер оқырманды ойға жетелейтіні анық. Қылышынан қан тамған заманда сертпен ғұмыр кешкен батыр туралы кітап өскелең ұрпақты өшпес ерлікке баулиды деген сенімдеміз.

Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау мақсатында балаларға арналған әдеби кітаптар, ертегілер, қиялалар келіп түсті. Француздың өйгілі ертегішісі, классик жазушысы Шарль Перронның ертегілерін аудармашы Мариям Арынова француз тілінен тікелей қазақ тіліне аударған ертегілері балалардың көңілінен шығады деп сенеміз. Жиінек 9 ертегіден тұрады: «Есек терісін жамылған қыз», «Ұйқыдағы ару», «Етік киген мысық» және тағы басқалары.

Айсұлу Жолтайқызының «Құстар тілі» және Бақыт Мұхтарханқызының «Бақыт өкелетін ертегілер» кітабына енген туындылары – заманауи ертегілерге жатады. Бұл ертегілерде әралуан табиғат құбылыстарына, адам баласы қол жеткізген ғылыми жетістіктерге де мән береді. Есенелі Ералыны «Ай-Арудың долана-сы» және Қанат Қайымның «Хиромантия», Дөнеш Ахметұлының «Таң

арайы» кітаптарында жеткіншек ұрпақты ақылды, білімді, еңбекқор, батыл да өнерлі, жігерлі етіп таныды, тапқыр әрі ізденіш болуға шақыратын шығармалар топтастырылған.

Кейіпкерлер бойынан адалдық, достық, табиғатқа жақындық, білімге құштарлық сияқты жақсы қасиеттерді таңға болады.

Арасанбай Естеннің «Алаш – біздің атамыз» атты мектеп оқушыларына арналған кітабы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай үйлестірілген төрт бөлімнен тұрады: «Балдырғандарға байғазы», «Тұлғалар рухына тағзым», «Тарланбоздар тарихына тағзым», «Мектеп сахнасына». Кітаптағы өлең-тақпақтар тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп, бала көңіліне ынта-ықыласын төл тарихымызға бұрғызып, аларды ата-баба дестүрін сақтауға, адалдықты баулиды мақсат еткен.

Құрметті кітапсүйер қауым, Сіздер үшін кітапхана есігі ерқашан ашық.

Жанар ӘБИЛМӘЖІНОВА,
ОКЖ хинақтау бөлімінің кітапханашысы.

КОНКУРС

«МЕРЕЙЛІ
ОТБАСЫ - 2025»



Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.

Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) оң бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа өзін-өзі ұсыну арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қалысады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім аудандық (қалалық) комиссияларына 2025 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін тапсырылады.

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (27 маусымға дейін).

Екінші – облыстық кезең (15 шілдеге дейін). Облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Толық ақпаратты «СҚО әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» КММ сайтынан алуға болады www.dvpr.sko.gov.kz.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

СҮРЕК ЖАЗДЫРТУҒА
БОЛАДЫ

«Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі ағаш кесу және орман билеттерін жаздырту және беру бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 19 үйде орналасқан орман шаруашылығының орталық кенесіне немесе 8(715)31-2-22-49 телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

<p>Директор - бас редактор Нәзім ГОНЧАР</p> <p>Газеттің мөніш иесі: «Азета-Вест» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баиян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan juldzy» газеті редакцияда терізіп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петрова кө., Кокуюк к-сі, 5 үй). Таралымы - 570</p>	<p>Газет аудан асбидінің, аудандық мәсхияттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады</p>
<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құрамын алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мөнішгіне айналады, респизияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p>				